



ПИОНЕР

№ 5 МАЙ
АЛМАТЫ 1959



ШУАҚТЫ МАЙ

Шықтық қырға гүл теріп,
Шықтық қырға бұл күні.
Май келеді көтеріп,
Мөлдір, әсем күлкіні.

Май келеді көтеріп
Қызыл туын елімнің.
Май келеді көтеріп
Портретін Лениннің.

Мен караймын сол туға
Желбіреген желменен.
Қол созамын толқынға—
Теңіз екен ел деген.

Аспан түсі көкпеңбек,
Қызыл-жасыл жер үсті.
Көңіл құсы көкке өрлеп,
Өрнек тапты келісті.

Көк жүзінде от көлбеп,
Өлем үсті қызды бір.
Тербеледі көк терек,
Ырғалады қызыл гүл.

Жайқалған сол гүлге ұқсап,
Жайнап өстік мына біз.
Қызыл туды қолға ұстап,
Көшелерге шығамыз.

Шуақты Май тауда да,
Шуақты Май жүр көкте.
Шуақты Май аулада,
Шуақты Май жүректе.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ



Коммунистiк партия iсi үшiн күреске дайын бол

П И О Н Е Р

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетi мен пионер ұйымы республикалық Советiнiң пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 5

1959 жыл

МАЙ

Шығуына 21 жыл.

Айына бiр рет шығады.



Қақаған аяздар мен ұйтқыған үскірік борандар толас тапты. Қар жамылым мұз төсенген қаһарлы қыс ашуынан қайтып, желдің жылы лебіне бас иді. Аспан әлемін торлаған көк бұлт көбесі сөгіліп, жерге нөсер жауды. Сазарып жатқан байтақ дала тебіреніп, жер бетіне өң кірді. Сай-сала суға толып, сылқ-сылқ күлкіге батты. Көктем келді!

Көрікті де көңілді табиғат көктемін адамзат көктемін — алқымына алқызыл гүл таққан совет пионерлері әнмен, жырмен қуана қарсы алады. Көктем тойы — Бірінші май күні жас бүлдіршіндер аспанға сан мың, сан алуан шарлар ұшырады. Аспандаған сайын бүлдіргендей, бұршақтай кішірейе түскен осы бір әдемі шарлар, коммунизм құрушы совет елінің құдіретті күшін бейнелегендей. Осы шарлар аулақтаған сайын совет адамының көзі жер шарының әр тарабына

жеткендей болады. Я, біз жер шарының бәрін көріп те тұрмыз.

Бұл күні совет топырағынан ұшырылған ракеталар бүкіл жер шарын көреді. Жер бетінде миллион-миллион қырмызы қызыл тулардың алқызыл гүлдей желбірегенін көреді. Қызыл тулар, қызыл байрақтар, қызыл галстуктар, қызыл жұлдыздар социалистік елдерді шаттыққа бөлесе, капиталистік елдердегі қанаушылардың танабын тарылта, апшысын қуыра түскенін көреді. Капитал бұғауында отырған еңбекшілердің тілегі, ниеті социалистік елдердегі бостандыққа қолы жеткен адамдармен бір екенін көреді.

Бірінші май — дүние жүзі еңбекшілерінің ынтымақ күні. Бұл күні Америкадағы жүк тиеуші ақ нәсілді жұмысшы қара нәсілді негр жұмысшысымен қол ұстасып көшеге шығады, Американы билеп төстеуші қанаушы топқа қыр көрсетеді. Франция жұмыс-

шылары қан кешіп отаршылыққа қарсы ерлік күрес жүргізуші Алжир халқына тілектік білдіреді. Жер жүзі еңбекшілері аспаннан бораған бомбаны, жерден жауған оқты, тұс-тұстан қаптаған қарулы қолды тыңдамай тәуелсіз ел болған араб халқын құттықтайды. «Адамзатқа бостандық берілсін! Дүние жүзіндегі еңбекшілердің бірлігі, ынтымағы жасасын! Атом бомбаларына тиым салынсын, соғыс өртін тұтандырушылардың үні өшірілсін!» Міне, Май мерекесінде көшеге шыққан топ-топ, лек-лек жандардың көтерген ұрандары осылар.

Бұл күні адал ниетті адам баласының үміт назары біздің елімізге, біздің үкіметімізге аударылады. Сол ақ ниет жанның бәрі де біздің сүйікті Совет үкіметін қолдайды. Себебі, Совет үкіметі халықтың тыныш еңбек етуіне, бақытты өмір сүруіне қызмет етеді. Дүние жүзіндегі адамзаттың көпшілігі ақ ниет жандардың Совет үкіметін қолдауы соғыс өртін тұтатпауға, атом бомбасының жарылмауына, жайқалған егіннің өртенбеуіне, асыр салып шаттыққа бөленген жас ұрпақтың думанды ойын-сауығын тоқтатпауға кепіл болады.

Бірінші май күні азат совет халқы той тойлап, сауық құрса, капиталистік елдердегі еңбекшілер жұмыс сұрайды, нан сұрайды. Жұмыссыз, нансыз отырған адамдар саны бір Америка Құрама Штаттарының өзінде алты миллионға жетеді. Алты миллион жұмыссыз адам бала-шағасымен арып-шаршап күн сайын көше кезумен болады, үнем таппай тарығады. Олардың жас сәбилері бір жапырақ нан дәмеп, көрінгеннің қолына телміреді. Ол бақытсыз бишаралар күлмейді, ойнамайды, жылы жерде ұйықтамайды. Қуаныштың, сейіл құрудың, ел аралаудың, мектепке барудың, өлең айтудың не екенін білмейді. Отан, үкімет деген сөздер оларға жат естіледі. Себебі, оларда Отан жоқ. Үкімет олардың мандайынан сипамайды, оларға рахым қылмайды. Капиталистік елдерде Отанның иесі де, өкіметті басқаратын да байлар. Байлар баи беру үшін кедейлерді езеді.

Біздің елімізде өмір мүлде өзгеше. Жер, су, кен байлығы, фабрика, завод — бәрі халықтың қолында. Осының бәрін де халық өз игілігіне пайдаланады. Ол үшін совет халқы қажырлы еңбек етеді. Жақсы тұрмыстың, бақытты өмірдің, молшылықтың өзінен өзі келмесін біздің еңбек сүйгіш халқымыз әбден біледі. Днепр су электр станциясы, Ақ теңіз бен Балтық теңізін жалғастырған канал, Қиыр Шығыстағы Комсомол қаласы,

Сталинградтағы трактор заводы, Балқаш мыс заводы тағы солар сияқты мыңдаған алыптар сондай қажырлы еңбектердің нәтижесі.

Біздің елімізді дана басшы — Совет Одағының Коммунистік партиясы алға бастап отырады. Партияның бастауымен біз енді коммунизм құру ісіне жаппай кірістік. Коммунизм — ең алдымен молшылық. Молшылық орнату жолында жері бай Қазақстанға зор міндет жүктелген. Бүкіл совет халқының тізе қоса жігермен еңбектенуінің арқасында, соңғы үш-төрт жыл ішінде ғасырлар бойы құлазып жатқан байтақ тың дала игеріліп, республикамыз жайқалған егін өлкесіне айналды. Қазірдің өзінде астық өндіру жөнінен Қазақстан Одақ бойынша үшінші орынға шықты, оның алдында тұрғандар РСФСР мен Украин ССР-і ғана. Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи ХХІ съезі қабылдаған жетіжымдық жоспар бойынша Қазақстан жеріне ірі-ірі өндіріс ошақтары орнамақ. Соколов-Сарбайдағы кен байыту комбинаты, Қарағандыдағы металл қорығу заводы, Павлодардағы комбайн заводы сияқты талай құрылыстар салынады. Бүгін басталып келешекте бітуге тиіс таңғажайып күрделі жұмыстарды тындырушылар қазіргі пионерлер, мектеп оқушылары. Мектептер де өмір тілегіне сай жұмысын қайта құрып жатыр.

Жас дос, енді сен өмір қызығына бұрынғыдан да көбірек батасың. Бір мезгіл қолына қалам ұстап партада есеп шығарсаң, бір мезгіл станокта тұрып шойын қырнайсың, я болмаса, дән отырғызып өсімдіктің толыққанын көресің. Бұдан былайғы жерде, оқу зейнеті мен еңбек зейнеті қатар жүреді. Сен әрі оқушы, әрі еңбеккерсің. Оқуды бітіріп шыққаннан кейін станокты, жүгеріні, малды тосырқап шеткері қағажуланбайсың. Бәрі етене, бәрі қызық болады. Еңбек қуанышына жастай бөленесің. Еңбек ету — бақыт екенін сезінесің.

Жас дос, бүгін өз қолыңмен отырғызған жас шыбық бірнеше жылда бәйтерек боп бой тастайды. Көк жапырағымен жерді көркейтеді, сая болады. Сол күндері сен де, сол сияқты өсіп жетіліп, не заводтағы станоктың қасында, не егін даласындағы қырман басында маман жұмысшы, маман дихан аталып, коммунизм рахатына батасың. Сонда басыңа бақыт нұрын жаудырған Коммунистік партиясы, Совет өкіметін мақтаныш етіп, масаттана күлесің. Сен коммунизмнің бел баласысың. Сені бүгінгі көктем лебіндей коммунизмнің жылы лебі аймалайды.

Жауап бер

Әңгіме

Класс есігін ашқалы тұтқасына қол соза бергенімде жүрегім лүпіл қақты. Себебі түсінікті де: институт қабырғасынан шыққан соң сабақ бергелі тұрған алғашқы класым бұл.

Орындарынан тұрып ізет көрсеткен оқушылар жүрегімнің лүпілін онан сайын жиілетте түсті. Тап-тұйнақтай киініп, мойындарына алқызыл галстук таққан олар көзіме бір түрлі жылы ұшырайды. Бәрі де алғашқы қадамыма құтты болсын айтып отырғандай көрінеді. Және жаңа оқытушы келгендегі әдетпен «мінезі қандай екен?» — деп сынағандай көз алмай қарасады. Өткен жылғы программа бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру үшін тәртіппен кезектесе қол көтеріседі.

— Жер шарын бірінші айналып шыққан кісіні қайсың айтасыңдар? — дегенімде, ең артқы партада отырған қара бала қол көтерді. Оның күлімдеген кішірек қой көздерінде болмашы бір қулық жасырынып тұрған сияқтанды маған. Ат үсті болса да таныстық кезінде фамилиясын біліп алғанмын: Қасымов болатын. Өзгелерден ересектеу тәрізді. «Бұл қалай, оқуға кеш берілген бе?» деген ой келді.



— Ал, Қасымов, айта ғой, кәне.

Ол орнынан тұрды да, ән бастайтындай тамағын кенеп алды да:

— Жер бетін алғаш рет аралап шыққан Магеллан деген кісі, — деп тоқтамастан бірақ сыдыртып, осымен тәмамделді дегендей қоя қойды.

— Аралап емес, айналып шықты деген болады дұрысы, — деп түзетпекші болдым, шатастырып тұр деген оймен.

— Біз аралап дей беретінбіз, мұғалім... Бұрынғы мұғалім солай үйреткен.

Қасымовтың бұл жауабында, әрі өзгешеу шыққан дауысында бір астар, қыңырлық жатқаны беп-белгілі еді. Оның үстіне, бағанадан монтиып қана отырған оқушылардың көпшілігінің жүздеріне күлкі ізі пайда болды. Кейбіреулері жымыңдасып, бір-біріне қарасты. Класс старостасы Қадыр мен тағы бірнеше бала оған бұрылып, алая қарады. Сонда барып Қасымовтың қасақана бұра сөйлеп тұрғанын түсіндім.

— Қасымов, сен жаңылыс айтасың, бұрынғы мұғалім олай үйреткен жоқ. Әр нәрсені өз атымен атаған жөн... Айталық, сенің атың кім? — дедім әсерлі болуы үшін салмақты сөйлеп.

Қасымов желкесін қасыды.



— Атым қолайсыздау еді, мұғалім...

— Ештеме етпейді, айта бер. Қолайсыз еді деп, атыңды жасырып қоясың ба?

— Апыр-ай, ә...— деді қиналғандай. Тұрып-тұрып, сонан соң,— Атым Салпыерін,— деп салды ақыры.

Сол сол-ақ екен, класс іші аю тиген араның ұясындай ду етті де, Қасымов көзінің астымен сүзе қараған соң жым басыла қалды. Олардың булығы күлгендерін, төмен қарап отырғандарымен де, қызарған құлақтары айтып тұрғандай еді. Қасымовтың жүзіне көзім еріксіз түсіп кетті, шынында да оның астыңғы еркі әнтек салбырап тұр екен. Оның шын атын айтпай тұрғанын осыдан сезсем де сыр бермей, оларға:

— Балалар, кейбір ата-аналарымыздың жап-жақсы балаға мұнан да қолайсыз ат қоятыны бар, оған күлуге болмайды,— деп келіп, сөзімді қайтадан Қасымовқа арнадым.— Ал, Салпыерін, айта бер, Магеллан сапарға қалай шықты?

Осы сабақтан кейінгі үзілісте оқытушылар бөлмесінде отырып, мектепте бұрыннан істеп келе жатқан мұғалімдердің әрқайсымен сөйлесіп көргенімде, олардың айтуынша Жарылғас (Қасымовтың аты осылай екен) өзімнің топшылағанымдай болды да қойды. Оның апыр-топырға үйір, әрдайым шу көтеріп жүретін өнері бар екен. Көңілі түссе сабаққа сондай алғыр, ал өз қалауы болмаса кежірленіп алады. Бір класта екі жыл отырыпты. Жасы он бес-он алтыларға кеп қалғанымен жетінші кластан аса алмай жүргені сондықтан екен. Жалғыз баласы болған соң әкесі оны еркелетіңкіреп, бетімен жіберген. Қызық көріп шылым да үйретіпті. Бұл жөнінде оның әкесіне сан мәртебе ескерту жасалған. Жарылғастың өзі де мектепте сан сілікпеге түскен. Әйтседе, ол бәз баяғы қалпынан өзгермеген.

Осындай балаға қандай амал қолдану керек? Көп ойландырған осы мәселе. Екі-үш мәртебе өзімен әңгімелесіп көріп едім, ноқта көрмеген асаудай сырдақтап тұрды. Сұрақтарыма шолақ-шолақ жауап беріп, бой салып шешілмеді.

Сөйтіп жүргенімде ойламаған жерде Қадыр оның шахматқа әуестігін айтты. Бұл жайды пайдаланып қалуды жөн көрдім.

— Қасымов, осы сені әйдік шахматшы десіп жүр ғой жұрт, рас па? — деп сұрадым бір реті келгенде.

— Оны кім айтады, мұғалім?

— Ана Қадыр, тағы басқалары да солай дейді.

— Пәлі, мұғалім, соларға иландыңыз

ба? Өздері нашар ойнайтын болған соң Қадырлар мені қоқи көре береді. Әйтпесе...

— О, өзің мақтаншақ емес екенсің, мұның жақсы қасиет... Ал, соңыра қолың босаған соң оқу үйіне кел, екеуміз біраз шахмат ойналық.

«Шыны ма?» дегендей, бетіме тесіле қарады ол.

— Келесің ғой? Күтемін мен,— дедім сөзімнің растығына көзін жеткізіп.

Дем алып, сабағын дайындады-ау дейтіндей мезгілде оқу үйіне келсем, Қасымов мені күтіп отыр екен... Шахматты жайып салған соң мен бір қолыма ақ тас, бір қолыма қара тас жасырдым да:

— Ал, Жарылғас, ойынымыз кәдімгідей болсын, таңда,— дедім оған ұсынып.

Қасымовтың жүзіне қызыл қан ойнап шыға келді. «Шын атымды біліп алған екен ғой» деп қысылды ма қайдам, ол:

— Менің алдау ниетім болған жоқ, ағай, жұрттың бәрі солай атайтын еді,— деп ақтала сөйледі.

— Ал, мен жаңа адаммын.

— Рас,— деп мойындаған ол: — соның бәрі мынаның кесірі ғой,— деді өмірі жиналмай салпып, әрі насыбай қыстырып алғандай томпайып тұрған астыңғы ернін саусағымен шұқыды.

Шамасы, алғашқы күнгі қылықтары ойына түсіп, мазалаған болуы тиіс, төрт ойнағанда да Жарылғас жүрістен қайта-қайта жаңылып, жеңіле берді.

— Сенің шеберлігің аздау екен, оны жетілдіру үшін шахматтың теориясымен айналысу қажет,— дедім, ол енді ойнаудан бас тартқан соң, шахматты жинай бастап.

— Бәрібір, түк шықпас,— деді ол көңілі қайтып қалғанын танытып. Орнынан тұрды.

— Білесің бе, бір кезде мен сенен де нашар ойнағанмын, бірінші разрядқа бірден жеткемін жоқ,— дей бергенімде:

— Сіз... Сіз, бірінші разряд па едіңіз? — деді жұлып алғандай. Жүзі жадырап сала берді.

— Қуанып кеттің ғой өзің, иә, бірінші разрядым бар. Егер қаласаң сені мектептің маңдай алды шахматшысы етіп шығарамын. Шахмат үйірмесін құрмақ ниетім де бар.

— Алақай-ай, онда бірінші болып жазылар едім.



Мен өзімнің көздеген мақсатыма жеткенімді, екеуіміздің арамызда достық ниеті орнай бастағанын сездім. Бірауық шахматпен шұғылданамыз. Жарылғас ынтасын салып, барған сайын шеберленіп келеді. Соған орай мен оны бұрынғы теріс мінездерінен біртіндеп арши бастадым. Сабақ үлгеруі де жақсаруға бет алды.

Енді Жарылғастың бойында бір-ақ кемшілік қалды: қанша күш салғаныммен оның шылым тартуын қойдыра алмадым. Рас, өз көзіммен шылым тартқанын көргенім жоқ, ал балалардан жиі-жиі сыбыс естіле берді. Жарылғастың өзімен сөйлескенімде азарда-безер боп, мойнына алмайды. Сонан соң қайтсем қолға түсірем деген ой көкейімде ұялады да жүрді. Соңғы рет өзімен сөйлескенімнен кейін арада екі-үш аптадай уақыт өтті. Демалыс күні еді.

Ақырын аяңдап колхоз клубына қарай келе жаттым. Жолда басқа үйлерден еңселі, тақтай шатырлы үлкен үй — колхоз кеңсесі болатын. Кеңсенің бұрышынан айнала бергенімде біреудің жөтелген даусы құлағыма келді. Жалт қарасам — Жарылғас, аузында шоғы жылтыраған шылым, түтінді бұрқ-бұрқ шығарады. Ол да мені со кез көріп қалды. Сасып, жалма-жан шылымын жұлып алып, қолын шалбарының қалтасына сұға қойды.

— Хал жақсы ма, Жарылғас? — дедім ешнәрсе байқамаған боп.

Оның қалқан құлақтары отқа қыздырғаннан жаман қызарып кетіпті. Тура қарай алмай, көзін тайдыра берді. Әңгімеге айналдырып жібермей тұрмын. Шахмат ойнауға шақырдым әдейі. «Мұғалім, асығыс шаруам бар еді» деп жуымады, тезірек кеткісі келген ыңғай танытып.

— Жарылғас, оқытушының алдында әдептірек болу керек, қолды қалтаға салған сәндікке жатпайды, — дедім барлық әңгіме нақ бір соның қолды қалтаға салғанында тұрғандай-ақ жай айтқан боп.

Бір сәт қыбыжықтап, не істерін білмей тұрған Жа-

рылғас кешірім сұрап қолын қалтасынан алды. Шылым қалтасында қалды, бірақ оны саусағымен езіп сөндірді ме, жоқ па, соған көзім жетпей тұр. Енді болмаса: «сылтауратқанды қойып, шылымды ал бері» деуге ыңғайлана бергенімше болмады, Жарылғас оң аяғын қозғап-қозғап қойды. Тегін емесін сезе қап көз қиығын салып ем, қалтасынан шұбалып шыққан түтінді байқадым. Одан әрі шыдай алмай:

— Жарылғас, қалтаң өртеніп барады, сөндір. Тұтатулы шылымды бос салуға болмайды ғой, — дедім, шылым тартқан өз оқушым емес, бөгде біреудей-ақ бей-жай сөйлеп.

Сөйткенше қалтаның түбін тескен шылым аяғының басына бір-ақ түсті.

Жарылғас қаққан қазықтай қалшып, қатты да қалды. Түсі бұзылып кетті. Көзі жыпылықтап біресе маған, біресе жерге қарайды. Астыңғы еріні мүлдем салпыып кеткен, басынан аяғына дейін тағы бір рет көз жүгіртіп өттім де, кете бардым. Он шақты қадам ұзағанымда: «Ағай!» деп ышқынған даусы естілді Жарылғастың. «Ағай!» деді тағы да, дауысы әдепкіден де қатты шығып. Бұрылғамын жоқ. Жүгіріп қуып жетті.

— Ағай... — деді алқынып, — ағай... кешіріңіз... соңғы рет. — Оның мұншалықты қиналғанын көргенім осы еді, аяп та кеттім. Сонда да ыңғай бермей:

— Несіне кешірім сұрайсың, бәрі бір ғой саған, — дедім салқын ғана.

— Сіз, әрине, сенбейсіз ғой, — деп Жарылғас төмен қарап тұрып күрсінді. — Егер білгіңіз келсе, бұрын мен ешкімге де шын сөзімді берген емен. Бәрі ұрсатын. Сонан соң құтылу үшін уәде бере салатынмын... Бұл жолы басқаша... Бірақ, сіз сенбейсіз ғой...

Оның сөзінің аяғы күбірге айналып кетті. Мен оның шын айтып тұрғанына күмән қалдырғамын жоқ.


— Сенемін, — дедім.

— Рас па?! — деді ол жүзі күлімдеп. — Көнерсіз, енді ешқашан... ешқашан да шылым тартқаным туралы естімейсіз...

Ақыры, сенім ақталды. Ол жүре-бара өзгені қойып, алда-жалда біреудің аузынан салпы ерін деген сөз шыға қалса, намыстанып, ренжитін болды...

Е. Мырзахметов.

Көкшетау қаласы.





ӘБДІ неге ұрды

Қар тағы түсті. Күн қызуымен аздап еріп, кешкі аязбен қатқылданған қардың бетін тағы да қар жапты. Ұстасаң жеп-жеңіл күмісше жалт-жұлт етеді. Алақаныңа тұрмай сауылдап төгіледі. Осындай майда қардың үстінде шаңғымен сырғанағанға не жетсін! Толқынсыз теңіз суын қас жарған кемедей-ақ зауламайсың ба?

Әбді де түстен кейін село шетіндегі қыр басында шаңғы теуіп, шанамен сырғанап жүргендерге құмарта қарап, үй алдында біраз тұрды. Көңілі ойынға ауып, қосылып кетуге оқталғанмен, әлде бір ой кес-кестеп бөгей берді. «Күтіп отырған шығар, барайын»,— деді ол ішінен. Сөйтті де, ауладан жүгіре шығып, кішірек жолмен аяндай басып жүре берді. Оның бет алғаны — селоның шеткерірек жағындағы Сәлима шешейдің үйі. Бұл үйге алғаш қар түскеннен бері Әбді күнде осы мезгілде келеді. Қарт ана да оны қуана қарсы алып, күнде алғысын айтады. Арадағы аз күннің ішінде бұлар туған ана мен баладай тым тату, достасып кеткен.

Ақшыл жүзін аяз қарып, құлпыра қызарған Әбді кішірек ағаш шарбақтан секіріп түсе бергенде:

— Әбді қарағым, сонша неге асықтың. Онан да, қақпадан-ақ айналып келмейсің бе? Қарашы аяғыңды... түү... қарға әбден батқаның не?.. Кәне, үйге кіре ғой. Сыпырғыш ана босаға жақта тұр,— деп аула орта-

сында қарсы алған қарт ана бәйек бола қалды. Ананың қамқорлық сөзіне Әбді ыңғайсызданып, қызара түсті.

— Өзім-ақ... Ешнәрсе етпейді,— деді баяу ғана.

Тоңып қалыпсың ғой. Кәне, әуелі жылынып ал,— деп қарт ана үлкен пештің қасына ертіп келді.— Міне орындық, отыр... Жылын.

Әбді сыпайы, алғыс білдіре, жылырудан бас тартқанымен, қарт ана оны орнынан қозғалтпады.

— Тым жеңіл киінгенің не? Салқын тисе ауырып қаласың,— деп ақылын айта берді.

Әбді көзін төмен сала жымиып:

— Әже, біз шыныққанбыз. Суық бізге сөз емес,— деп еді, қарт ана жымия қарап, басын шайқады:

— Олай деме, қарағым. Дегенмен жылырақ жүргенің жөн. Ал ертеңгі сабағыңды әзірледің бе? — деді ана.

— Түгел әзірледім.

— Онда дұрыс,— деп қарт ана ризалық шыраймен басын изеді.

Манадан бері қозғалақтап, әрең отырған Әбді енді шыдай алмағандай орнынан тұрып:

— Әже, қазір су әкеле қояйын,— деп еді, қарт ана күлімдеген бойы:

— Су әкелінді,— деді.

Тосын хабарға Әбді танданғандай:

— Осы қарда өзіңіз бардыңыз ба?! — деді дауысы қаттырақ шығып.

Қарт ана жымиып қойып:

— Әуелі тыңда. Суды әлгінде екі жас қыз әкеліп берді. Сенімен бір класта оқимыз,— деді.

Әбді олардың есімін сұрап еді, қарт ана сәл бөгеліп ойланғанымен есіне түспеді.

— Бірі кішірек сары қыз. Өте кішіпейіл екен өзі. Екіншісі толықтау келген. Мұрнының үстінде аздап секпілі бар. Ұялшақ-ау деймін, төмен қарай береді.

Қайран қалған Әбді «Дәу де болса Бейсекүл мен Құлзағира шығар» деп жорыды ішінен.» Олар Мұнда неғып келді екен?!».

— Әже, олар осында келді ме?

— Жоқ, көшеден кездестім. Сенің уақытыңды алмай өзім-ақ әкелейін деп шығып ем, кездесе кетті. Фермадан келеміз дей ме? Әйтеуір, біреуді шақыра барған көрінеді.

Ойына енді ғана сап ете түскендей:

— Иә, иә, отряд жиынына фермадағы сауыншы Рахат апайды шақырамыз деген, — деп Әбді басын изей қостады.

— Әңгімемен уақыт оздырмайық. Бүгін сен ойнап, біраз дем ал. Күнде-күнде келіп қажыған да шығарсың, — деп қарт ана ауыр қозғала есікке қарай беттеп еді, Әбді орнынан ұшып тұрды.

— Жоқ, әже, қажыған жоқпын. Ойын да ешқайда қашпайды, — деп жылдам баса, алдыңғы бөлмедегі текшеде жатқан балтаны алып сыртқа шықты.

Күн еңкейіп қалыпты. Сәулесі де бұлыңғыр тартып, ызғары қатая түскен. Қорадағы кесілген ағашты Әбді лезде жарып тастады. Бет шымшыған аязды елен еткен жоқ. Аздан соң денесі қызып, самайдан шып-шып тер шығып, маңдайы жіпсіді.

— Бүгінге осы жетеді, қарағым, көп рахмет! — деді қарт ана.

— Әже, ертең мен өз жолдастарымды ертіп келемін. Сізге көп отын әзірлеп береміз, — деді Әбді аула ішінің қарын күреп біткеннен кейін ғана, қуанышты ажармен.

* * *

Бүгін соңғы сабақ болмай қалды. «Физкультура пәні мұғалімін ауданға шақырып кетіпті, спорт жабдықтарын әкеледі екен» — деген хабарды Құлзағира үзіліс кезінде-ақ жеткізген еді, ақыры шын болып, балалар үйді-үйіне тарасты.

Жұрттан бұрын асыға үйге қайтқан Әбді еді. Көңілі алып-ұшып, жүрегі алқына аузына тығылады.

Оның қуануына да себеп бар еді. Мана үлкен үзілісте кластас отряд вожатыйы келген болатын. Ол бүгін түстен кейін жас тимуршылардың ісімен танысатынын айтқан. Сонда Әбді басқалардан бұрын:

— Бүгін барлығыңды мен шақырамын, — деген.

Ынтық көңілмен құлшына тілек білдіріп тұрған Әбдінің сөзін вожатый да қостады.

— Жарайды, — деді ол. — Түстен кейін біз саған барайық. Сонан соң сен Сәлима шешейдің үйіне ілестіріп апарасын...

Міне, Әбдінің кеудесін кернеген — сол қуаныш. Рас, олар келгенше күндегі әдетіндей көшеде біраз ойнап та алуға болар еді. Бірақ, неге екені белгісіз, Әбдінің аяғы үйге қарай жетеледі. Тезірек үйге барып, тезірек өз қуанышымен болғысы келді. «Күні кеше пысықсыған Құлзағира менің қолымнан ешнәрсе келмейді деп еді. Енді көрсін бүгін» — деген ой да масаттандырады.

Әбді үйге келген бойы кітап салған сумкасын стол үстіне тастай салды да, ары-бері отырып, сабыр таба алмаған соң сыртқа шықты. Көшеде ақ қар, мектепке бара жатқан балалар. Ирелендеген даңғыл жолмен шұбырып барады олар. Бірен-саран көліктілер болмаса қимыл аз. Дәл осы сәтте колхоз селосы бір пәс тыныс ала, мектепке бара жатқан жас ұландарын тамашалағандай.

Үлкен көшеге көз қадаған Әбді екінші бір мүйістен топтала шыққан балаларды көрген жоқ. Әлгі балалар Әбдінің үйіне қарай беттеген еді. Тіпті, Әбді осы кезде қорадан күрек алып шығып, үйілген қарды бүкшендеп күрей бастаған әжесін де байқамады.

Оның көзі тек алда. Әлде бір алысқа қадалған. Ол ағаш дуалдың қасына келіп, бұған қадала қараған вожатыйды да, тіпті, ептілікпен секіріп аулаға түскен екі-үш баланы да байқамады. Тек Құлзағираның қарт әжесіне:

— Әже, күрегінізді бере тұрыңыз. Біз-ақ күреп тастайық, — деп сұраған даусы естілгенде ғана селк етіп, жалт қарады.

Келуін үлкен көшеден күтіп, соған көз тігіп еді. Міне, келіп қалыпты бәрі. Қалай тез. Әлде қуаныш уақытты андатпады ма?

Әбді қалт тұрып қалды. Балалар да, вожатый да әжесінің қасында тұр. Әлдене сөйлеседі, әже жүзі әлденеге күлімдейді. Әбді



аула шетіндегі қораға қарай жүрді. Күрелмеген қалың қар шолақ қонышты пимасынан асып кетті. Аяғын тартып, жүріс бермей қарысқандай. Ол балалардың қасына жете бергенде, әжесінің:

— ...Мүмкін емес. Мен оған жұмыс тұрмақ, тамақты әрең ішкіземін... Жо-жок, балалар, қарт адаммен бұлай ойнамандар, — деген жайдары, көтеріңкі даусын құлағы шалды.

— Рас, әже. Сәлима әжейдің өзі мақтады, — деп қызулана сөйлеген Құлзағираның сөзі де анық келді.

— Сенбеймін, сенбеймін..., — деп күле басын шайқады қарт әже. — Үй шаруасына Әбдінің қол ұшын тигізгенін көрген емеспін...

Қар ойылып, Әбді шыңырауға құлап кеткендей болды. Мойны салбырап, бетке ду етіп қан шықты. Әлгі бір желпінген көңілдір етіп, мұздай суынып кетті.

— Бұл қалай, Әбді? Рас па? — деп қарсы алдына келіп қадала сұраған вожатыйға қарай алмады оя.

Тілі әрең оралып:

— Ол пионерлік тапсырма, ал бұл...

— Ал, бұл ше?..

Бұған Әбді жауап таба алмады. Көзінде жас дөңгелеп, төмен қараған күйі тұрып қалды. «Ал бұл ше?» деген сұрақты өз ойы да қайталай берді. **С. Сарғасқиев.**



Әңгіме

Аққұмай — Жұмаштың ағасының күшігінен асыраған тазысы еді. Аппақ қар түстес, қолдан құйған мүсіндей сұлу тазы болатын. Оның аяққаптай омырауын, үңірейген кең қолтығын, жұп-жұмыр жотасын, сыптай түптүзу аяғын көргенде жұрттың бәрі көзінің сұғын қадап, «Па, шіркін, тазы болғаныңа! Құйын шығар өзі де!» деп бас шайқап, таңдайлары тақ-тақ етісетін. Айтсын-айтпасын, өзі де атайман жүйрік тазы еді. Жүгіргенде допша домалап, құсша құйғитын. Алдынан қан сонар түгіл, қара жерде аң құтылмайтын.

Аққұмайды жүгіртуге Жұмаш та құмар еді. Бірақ та ағасы оны жасы он үшке шықса да баласынып, жеке дара жібермейтін.

Ал Жұмаштың арманы — Аққұмайды аңға өзі алып шығу. «Аққұмайды ертіп, өзіммен өзім боп, иен даланы еркін бір шарласам» дейтін. Оның осы арманының бірде реті келді. Қыстыгүні. Сембінің кеші. Күн батар алдында аспанға бұлт айналып, қар қыламықтай бастады. Терезеге таяу столда тарсылдатып шот қағып, әлсін-әлсін бір қағазға үңіліп қойып отырған Жұмаштың ағасы жауа бастаған қарды көріп:

— Қап, қолы құрғырдың тимеуін қарашы. Мына қар түнімен бораса ғой, ертең сонардың көкесі болады, — деп өкіне күбір етті.

Ағасының оң жағын ала, столға асылып кітап оқып отырған Жұмаш күбірді құлағы шалып, елең етті де басын көтеріп алды. Қысық көзі күлімдеп:

— Аға, — деді, — сіз ертең аңға шықпайсыз ба?

— Неғылад?

— Мен... мен шығып қайтайын онда.

— Сен бе? — деген ол, жүзінде күлкі ойнап, Жұмашқа көз тоқтата қарап қалды. Өзіне ағасының сынай көз тастағанын сезген ол үндеген жоқ. «Қалай, қоянға әлің келе ме өзіңнің?» — деп ағасы жымып жылы шырай бергенде барып:

— Келмей ше! — деп бір көтеріліп қойды.

— Шыға ғой, олай болса.

Бұл — оның күтпеген жауабы еді. Әкесі базардан келгенде де мұндай қуанбас, орнынан ұшып тұрып, санын соғып, алақайлап мез болды да қалды Жұмаш. Осы қуаныш үстіне көршіде тұратын Оразай дейтін жігіт келді. Ол Жұмаш ұсынған орындыққа отыра отырмастан:

— Көріп отырсың ба, Бадай, қарды? Басылып қалмаса, бағым жанды дей бер,— деді.

— Көріп отырмын-ау, бірақ, сорым қайнағанда қол босамай отыр.

— Немене, ертең демалыс емес пе?

— Әй, есепші адамның шаруасы таусылған ба? — деді ренішін қабақ шыта танытып Бадай.

— Онда Аққұмайды мен жүгіртіп қайтайын? — Оразайдың мына сөзін естігенде Жұмаштың жүрегі шым ете қалды. «Қап, мынаның қыстырылуын-ай» деп ойлағанынша болмады, Бадай:

— Мейлің,— деп келісе салды.

Сол-ақ екен, Жұмаштың судай тасыған көңілі сап басылды. Оразай — ағасының жан аямас досы. Екі иығына екі адам мінгендей ірі жігіт. Аюдай қорбандаған денесіне қарамай, аң дегенде ішкен асын жерге қояды. Өзінде тазы жоқ, аңға әрдайым Бадайға еріп шығады. «Жо-жоқ, мен ертпеймін» дей жаздап барып қалды Жұмаш. Бірақ, ағасының одан ештеңе аямайтынын білгендіктен бе, әлде ағасындай адамның алдында әдеп сақтағысы келді ме, әйтеуір ол үндеген жоқ, бар болғаны қабағын қар жаудырардай қарс жауып, сазарып қалды, Оразай кеткен соң барып:

— Мен бөлек кетем одан,— деп дүңк етті.

— Неге?

— Сол. Өзім оңаша кетем.

— Қой,— деді Бадай інісіне алара қарап,— Бірге шыққандарың жақсы, бір-біріңе серік боласыңдар.

Жұмаш ағасынан ығушы еді, қарсы дау айта алмады. Кітабына үңілген болып, ағасының көңілшектігін іштей кінәлап, кіжініп отырды...

Аққұмайдың орны ауызғы үйдің босаға жақ бұрышы еді. Ал, Бадай ертең аңға шығам деген күні оны баптап болған соң, өзінің төргі үйдегі төсегінің аяқ жағына әкеп жатқызатын. Осы жолы да сөйтті, жатарда ертіп әкеп, ескі күпіге орап салды.

Жұмаштың ұйқысы қашты. Төсегінде дөңбекшіп олай бір, бұлай бір аунап, көз ілмей ұзақ жатты. Ұйқы қашса ой мазалағыш келетін әдеті емес пе, оның басына бір ойлар кіріп алып, ұясын шырғалаған қарлығашша шықпай қойды. «Қара басып, ұйықтап қалсам... Ағам оятпаса... Оразай мені тастап, Аққұмайды ертіп кетсе...»

Ол енді ұйықтап қалмаудың амалын қарастыра бастады. Өрелі таңды көзбен атыру қиын. Осылай жатып, бір кезде көздің

ілінгенін білмей қалатыны хақ. Ойлап-ойлап, бір амал тапты. Ауызғы үйде ілулі тұрған әжесінің домалақ шуда жібінен екі құлаштай үзіп алды. Сосын жіптің бір ұшын тазының қарғысына іліп, екінші ұшын өзінің аяғына байлады. Қойкасының тазыға жақын тұрғаны жақсы болды, жіп керілмей, ол еркін жатты. Оның мұндағы ойы — «Аққұмай тұрып, жіп тартылса, оянып кетемін ғой» деген еді. Осыдан кейін барып, оның көңілі тыншып, көзі жұмыла берді.

...Бір уақытта Жұмаштың аяғынан тартып қалғандай болды біреу. Оянып кетті. Көзін ашып алды. Үйдің іші алакеугім. Таң атыпты, терезеден ақайран сәуле себездеп тұр. Бадай тазыны тұрғызып жатыр. Жұмаш қойкадан сүріне-қабына жерге түсті де:

— Киінейін бе, аға? — деді.

— Киін,— деген ағасы тамды басына көтере, қарқылдап күліп жіберді. Сөйтсе, Жұмаштың түндегі қарғыға байлаған жібін шешіп алып, тартқыштап тұрған сол екен.

Далада аппақ қар. Жер беті түгел ақ қағазбен тысталған тәрізді. Ағаш біткен тоңып қалмауды ойлап бөкебай оранып алғандай мүлгіп тұр. Күнде иек астында жатқандай боп көрінетін ауыл алдындағы қырат қар жамылған соң бергі жазықпен астасып, алыстап кеткен. Ашық аспан мұз айдынындай мөп-мөлдір. Ауа тымық, ептеген аяз бар.

Оразай да ләппайға зар екен. Көп күттірмей, жетіп келді. Үстінде — шолақ тон, аяғында — керзі етік, басында — қаракөл құлақшын, иығында — шанаш дорба. Бадаймен амандасты да, Аққұмайдың қарғысынан ұстап, жарбиып тұрған Жұмашқа:

— Қалай, жүрдік пе, аңшы? — деп күлді.

— Ал, жолдарың болсын! — деді Бадай.

Олар ауыл алдындағы қыратты бетке алып, жүріп кетті. Қар тізеден. Омбылап баяу жүріп келеді. Жай аяңға Аққұмай көнетін емес. Бүйірі солыңқы, аш тазы аң іздеп, елеңдеп алға жұла-жұла ұмтылады. Қарғыдан тас қып ұстап алған Жұмаш еркіне жібермей, шірене тартып келеді. Сәлден кейін-ақ Жұмаштың қары талды. Оның зықы шығып, қарғыдан әзер-әзер айырылмай келе жатқан қалпын сезді ме, қайдам, Оразай бір кезде:

— Жұмаш, бері бер, мен жетектейін,— деді.

— Жо-жоқ, өзім-ақ жетектеймін.



— Шаршаған жоқсың ба? — деп езу тартты ол.

— Жо-жо-қ... — деді Жұмаш. Ол Оразай жетектесе тазыдан айырылып қалатындай көріп келе жатыр. Күн желсіз болған соң, шыңылтыр аяздың онша көрі болған жоқ. Біраздан кейін Жұмаш пысынап, терлеп кетті. Әйтседе сыр бермеуге тырысып бақты. Оразай оның бұл ойын іштей бағдарлап, жымыып күліп қояды.

Жұмаш пен Оразай Балажарма бойына жеткенде, күн арқан бойы көтеріліп еді. Күн сәулесімен айнала бал-бұл жанып, ақша қар күмісше жалт-жұлт етеді. Төңірек тым-тырыс. Жарманың ауыл жақ беті жазық табан. Жазда колхоз бидай салған алқап, ол кез арық-атыз, ойқы-шойқы болып жатушы еді, енді қазір қар астында тып-типыл боп, кесіліп жатыр.

Олар әр жерде басы ғана қылтиған ақбастың түбін түртіп келеді. Өстіп келе жатқанда бір үшкіл із кезікті. Оразай ізге үңілді де:

— Қоянның ізі. Жаңа ғана жүрген із, — деді.

Із сайрап жатыр. Қоян секектеп жүгіріп отырыпты. Аққұмай ізді иіскеп, шиыршық атып, «босат, босат!» дегендей жұлқынып-жұлқынып қойды. Сәл жүгіргеннен кейін із зым-зия жоқ болды. Қоян осы араға келгенде қанат бітіп, аспанға ұшып кеткендей. Жұмаш аң-таң боп тұрып қалды. Оразайдың екі көзі ізде.

— Осы қоян дәу де болса ана ақбастың түбінде жатыр, — деді.

Оның айтқаны айдан анық келді. Мысықша ұрлана басып, төмпешікке шыға бергендерінде табан астынан, бұта түбінен бір лақтай сұр қоян атып шықты. Жұмаш сасып қалды. Табының қарғысынан қолын ала алмай бөгеліп қалды. «Айт-айттаған» Оразайдың даусына желіккен тазы алға орғи ұмтылып, Жұмашты омп асықтай жалп еткізді де, босана сала қоянды қуып берді. Етпетінен түскенмен, жаюлы жатқан мақта үстіне құлағандай-ақ Жұмаштың еш жері ауырған жоқ, үсті-басы қар-қар боп, ұшып тұра келді. Оразай бұл кезде жалп-жалп ұшқан қара құша тазы соңынан ордаңдап қуып бара жатыр еді. Жұмаш та солай қарай томпаңдай жүгірді.

Аққұмай жел ғой шіркін. Лезде-ақ қоянды өкшелеп қалды. Қоян да жанұшыра ышқына безіп барады. Ой-ой, жетті-ау. Енді-енді бас салады-ау дегенде қоян жалтара қашты. Аққұмай екпінімен ағып өте шықты. Тазы бұрылам дегенше қоян біраз қара үзіп кетті. Бірақ, ол тағы құтылмады, омбылап, бауырын жаза алмады. Құлағын жымитып ап, қанша безіп бақса да, Аққұмай атқан оқша зулап, жетіп-ақ барды. Бұл жолы тазы жаңа айла жасады. Қоянды өкшелей құған жоқ, жанай, қапталдаса барып, омырауымен қағып өтті. Қоян омақаса құлады. Тазы енді қайырылып бас салам дегенше қоян бір аунап тұрды да жалтарып, қиыстай қашты. Әйтседе, құлап, қорқып қалған қоян бүгежектеп жүгіре алмады. Осы сәт Аққұмай еркін жетіп, қоянды желкеден тістеп алып соқты. «Бақ!» деген қоянның жан даусы бір-ақ шықты.

Оразай жүгіріп келгенде бығырлап, жаны шыққалы жатқан қоянды Аққұмай желкеден тістеп, аяғымен басып тұр еді. Оразай қоянның аяғынан ұстағанда барып босатты.

Ол қоянды бауыздап, дорбасына салғалы жатқанда қамыстың түтігіндей кішкене танауы желпілдеп, еңтігіп Жұмаш жетті.

— Бе-ер өз-іме, — деді ол келген бетте.

Оразай абыржып қалды. Сұрланған жүзіне, түйілген еңсіз қабағына көзі түскенде барып істің мәніне түсінді. Өзінің тазысы алған қоянды қызғанып, жарылғалы тұр екен ол. «Қайтсін, бала ғой әлі» деп зілсіз, жымия ой түйген Оразай қоянды Жұмаштың алдына сылқ еткізіп тастай салды.

Жұмаш қоянды арқалап алған. Олар тағы да із кесті. Көп ұзамай жармаға жақын-

дау маңнан тағы бір қоян қашты. Бұл қоян әбден әккі болған екен, ә дегеннен қалыңға қарай салды. Оразай болмағанда қоян жарма жағасындағы қалың шеңгел, ну қамысқа қойып кетіп, құтылатын еді. Ол алдын кес-кестей жүгіріп, қоянның бетін ашыққа қарай бұрды. Қоянға көзді ашып-жұмғанша-ақ жетіп қалды Аққұмай. Бірақ, бір сәтке айласын асырып қалды қоян. Зымырап бара жатқан ол тазы төніп келгенде жермен-жексен болып, бұғып жата қалды. Бар пәрменімен құсша ұшып келе жатқан тазы ауыз сала алмай, қоянның үстінен асып кетті. Осы сәттің қапысын тауып, тағы жантәсілім жасап, қалыңға қарай зытты қоян. Оразай мен Жұмаштың қиқуынан еш именген жоқ. Дегенмен де, мұнысымен жан сақтай алмады. Өшігіп, әрі қызып, желігіп алған Аққұмай оны екі аттатпады, қалыңға жеткізбей желкеден қонды кеп.

Бұл жолы да қоянды Оразай Жұмаштан бұрын жетіп бауыздап еді. Бірақ дорбасына салмай, Жұмашты әдейі күткен-ді. Енді не дер екен деп тұрған. Тағы да ашулы, танауы құсырылып жетіп келді Жұмаш. Манағы кейпі өзгермеген. Таяна беріп:

— Бер өзіме! — деп қоянға жармасты.

Оразай үндеген жоқ. Мырс етіп күлді де, екі қоянды аяғынан байластырып, Жұмаштың иығына салып берді. Оларға көпке дейін аң кезікпеді. Соқталдай екі қоянды көтерем деп Жұмаш қара тер болды. Маңдайынан сорғалап құйылған тер көзін удай ашытып барады. Иығын жіп қиып, екі қоян екі жағынан, бірі тірсегіне, бірі беліне соққылап, мазасы май ішкендей болды. Кейде аяғына шалынысып, құлап та қалады. Омбы қар, иығынан басқан екі қоян, азаннан бергі жүріс, қалың киім оны әбден шаршатты. Бір кезде ол Оразайға:

— Ауылға қайтайық, — деп жалынды.

— Жоқ, мен қайтпаймын, — деді Оразай, «екі қоянды арқалап жүру қалай екен» дегендей сынап қарап.

— Мен қайтамын, — деп отырып алды Жұмаш.

— Қайтсаң қайт.

— Тазымды алып қайтам ауылға, — деді ол Аққұмайды жанына күшкөлап шақырып алып.

— Қой, бала болма. Кішкентай деп айтқанын қылғанға мынау қайтеді-әй, — деп Оразай қызарақтап қалды. Ит терісін басына қаптап, жер-жебіріне жетіп сөгіп, кейігісі келіп бір тұрды да «қой баламен бала болмайын» деп өзін-өзі тежеді.

Жұмаш әй-шәй жоқ, тазыны жетектеп ауылға бағыт алды. Оразай дағдарып қалды. «Мына, боқ мұрын қайтеді-ей» деп не істерін білмей бөгеліп тұр. Сәлден соң барып ол аң көрмесе де, айдалаға «айт-айтап» жүгіре жөнелді. Кенет шыққан айтаққа елең еткен тазы Жұмаштың жетегінен жұлып кетіп, Оразайдың жүгірген жағына қарай ордаңдап шыға келді.

Жұмаш анадай жерде ызалана айқайлап тұр.

— Аққұмай, Аққұмай!.. күшкә, күшкә!

Айтаққа елігіп жүгірген тазы аң көрмеген соң тоқтап, тұмсығын көтеріп, алаңдап сәл тұрды да шақырып жатқан Жұмашқа бұрылды. Мұны көрген соң Оразай да күшкөлай бастады. Аққұмай оның даусын есітіп кідірді, мойнын бұрып, шоқиып тұрды. Ана жақтан Жұмаш күшкөлайды, мына жақтан Оразай күшкөлайды. Қайсысына барарын білмей, сол орнында сәл-пәл тұрды да Жұмашқа қарай тартты. Оразай сасқан жоқ, ол Балжарманы жағалап, күшкөлап ұзай берді. Жұмаш қуанып тұр еді, кенет тазы шорт бұрылып, Оразайдың соңынан қуа жөнелді. Әлі де аң қаққысы келді ме, болмаса, бұрын аң соңында жүргенде Оразайға үйірсек боп қалған ба, әйтеуір, Жұмаш қанша шақырса да қайырылмады. Сәлден кейін ақ тазы ақ қардың түсімен астасып, көрінбей кетті де, көз ұшында Оразай ғана қараңдап бара жатты.

Жұмаш ызаға булықты. «Қап сен итті ме, келмей кетерсің осыдан... Ағама айтып...» деп кіжініп ауылға тартты. Бірақ, кім білсін, ағасының не дерін?

Нәсреддин Сералиев.



ЖОҒАЛҒАН ВӨЙЛЕН



Баллада

Балалық күн, балдырған күн, албырт күн,
«Ат» — деп маған талға тоқым салдырттың.
Кейде өзім жылқы болып кісінеп,
Қара жолдың ұзын бойын шаңғыттым.

Жасыл шалғын болушы еді кілемім,
Құмына аунап, құлын-тайдай түледім.
Есейгенде еске түссе сол бір шақ,
Кейде еріксіз езу тартып күлемін...

Сүмбіле айы, бірақ әлі күн ыстық
Жоқ бізге де жаз бойына тыныштық.
Бүгін тағы ерте тұрып жөнелдік
Мөлдірейді жол бойында күміс шық.

Төртеуіміз қос құнанға мінгестік,
Қайран көңіл қалды бүгін бір өсіп.
«Ойқой, шіркін, беріп қойса көлікке,—
Дейміз,— бізге бір құнанды күнде өстіп!»

Темір шелек салдыр етсе қаптағы,
Елеңдейді шошып кенет ат тағы.
Дейді маған «тізгініңді тарта ұста». —
Борандай мен Баутай, Мәжит арттағы.

Біз келеміз қалың қау шөп ішінде,
Көрінбейді төңіректе ешкім де.
Жатыр әні төсін ашып кең айдын,
Қаз-үйректер жүр қалықтап үстінде.

Бір-біріне бас изесіп сыбырлап,
Жағалауда тербетіліп тұр құрақ.
Маңайлатпай қаздар ұшты қиқулап,
Қанатымен судың бетін ұрғылап.

У-шу болды бүкіл түбек қазір де,
Елеңдейсің құлақ түріп әр үнге.

«Көне, Баутай атты тұса, ал Мәжит!
Сен екеуің қармақтарды әзірле!»...

Кең айдынга қыл жұтнамды лақтырдым,
Түсті тура ортасына жалтырдың.
Екі көзім қалытқыдан бір аумап,
Енді қашан қабады деп шақ тұрмын.

Бір шолп етіп, сүңгіп кетті қалытқым
Шыдай алмай жұлқи тартып қалыпшын.
Құсып кетті, шиедей қып талапты
Сау жері жоқ жұтпадағы балықтың.

— Шортанның бір үлкені екен қап, әлгі,—
Деп достарым таңдайларын қағады.
Ызаланып қайта ойнаттым жұтпаны,
Бәрі менің қалытқыма қағады.

«Тартып жүрме тағы да сен жұттырмай,
Абайлап тарт,— дейді Баутай,— жұлқымай».
Байлаулы еді жұтпа бауы қоғаға,
Бір шортан тұр арқандаулы жылқыдай.

...Қара суға қалытқымды бойлатып,
Алып шықтым мен де бірін ойнатып.
Есім шығып қалбалақтап жүгірдім
Бұдан басқа еш қызық жоқ ойда тұк.

Секілді бір не керектің бәрі бар
Түріміз жоқ кешке дейін жалығар.
Түс ауышты. Кісінейді қос құнан,
Кім біледі шөлдеді ме жануар?..

* * *

Қабақ шытып кәдімгідей киналып,
Бір мезгілде қармақты да жинадық.
Әлсін-әлсін қалытқыны сүңгіткен
Әттең, шіркін, шортандарды қимадық.



Апыл-құпыл жерошақ қазып асыға,
Балық астық, шелекті іліп мосыға.
Бұның бәрін айтпаса да білер ең,
Болсаң егер балықшының қасында.

Боранбай жүр бәрін өзі басқарып,
Бүлк-бүлк етіп қайнап жатыр жас балық.
Айналамыз сыңсып тұрған шабындық,
Біз жатырмыз бидайықты жастанып.

Әлде қайдан жынды құйын қаңғып кеп,
Жерошақтан ұйтқи қашты жалын тек.
Бір шетіне от тиген соң лезде
Лаулап ала жөнелді қу қалың шөп.

Шошып кеттік «ә» дегенде алқынып,
Тұс-тұсынан тұра ұмтылдық шарқ ұрып.
Қайнап тұрған балығымен шелекті
Боранбай кеп жіберді отқа лақтырып.

Қорыққаннан қалтырады денеміз,
Жақтық екен бұл жерге отты неге біз?
Бір колхоздың шабындығын өртесек,
Әкемізге, шешемізге не дейміз.

Өрқайсымыз әрбір жаққа жүгірдік,
Барлығымыз бір кісідей жұмылдық.
Суға малып шапаны мен көйлегін,
Баутай өрттің алдын орай жүр ұрып.

Оңды-солды шапанын ол сермейді,
Дейді: «ұрындар осылайша сендер де!»
Киімменен соқтық біз де сабалап,
Бірақ та өрт бой бермеді, сөнбеді.

Көрмей кеттік бірімізді біріміз,
Жан шошырлық дәл қазіргі түріміз.
Мінеки, өрт тақап қалды маяға,
Көз бұлдырап жалын кешіп жүрміз біз.



Қорқыныш па, ыза әлде, жыладым,
Түк естімей шыңылдайды құлағым.
Үрей ұшса, босайды екен буының,
Тәлтіректеп әлденеше құладым.

Тағы ұмтылдым, тағы құлап түстім мен,
Барады өтіп лаулаған от үстімнен.
Не болғанын білмей қалдым, білем тек
Жұлып алды әлдекім от ішінен.

Мұздап кетті тұла бойым дірілдеп,
Айқайлады ол әлде кімге: «тірі» деп.
Көзімді ашсам, қоршап апты мені жұрт,
Сипап отыр маңдайымды бірі кеп.

«Су жұта ғой, шөлдедің бе, қарағым,»
Дейді біреу. Тағы естілді жаңағы үн.
Орынымнан тәлтіректеп тұрдым да,
Бұлар кім деп жан-жағыма қарадым.

Міне ғажап! Жыын топты көрдім мен,
Бірақ әлі кетпеді үрей көңілден.
Лаулаған от, қаулаған өрт өшіпті,
Маңайдағы шөпшілер кеп сөндірген.

Төртеуіміз — тұрмыз бөлек бір шетте,
— От тиген соң, бой бере ме қу шөпке.
Сақтық керек! — деп бір кісі ұрысты,
Үндемейміз кінәмізді білсек те.

Қуаныш сол — көңілде енді жоқ алаң,
Айырылыппыз біріміз жең, жағадан.
Жүнін жұлған тауықтай боп қалыппыз,
Біріміздің көйлегіміз жоғалған.

Сөйтін біздер бүгін үйге кеш қайттық,
Өрт сөндіріп дүлей оттан кек кайтып.
Қарап қойып жалба-жұлба киімге;
«Сақтық керек, сақтық керек!» деп қайттық.

Шамиль МҰХАМЕДЖАНОВ.

КІМНІҢ МЕКЕНІ ЖАҚСЫ?

Бір күні құрбақа, тышқан, құмырысқа кімнің жақсы мекен, жайлы қоныста тұратынын білмекші болып жолға шықты.

Құрбақа секіріп, тышқан жорғалап, құмырысқа қыбырлап ұзақ жүрді. Талай шұңқыр, талай төмпешік артта қалды.

Ақыры алдарынан кішкентай шалшық көз болды. Шалшықтың маңынан борсыған иіс мұңкиді. Шет жағында жалғыз аяғымен қаздып тұрған шәукілдектен басқа, бұл маңайда ештеме көрінбейді.

— Дүниедегі ең бір жаман жер осы ара болар-ау, иісі қандай сасық еді, қолқанды атады,— деп тышқан мұрнын тыржитты да, шәукілдектің қасына келді.

— Шәукілдек, шәукілдек, жер бетінде кімнің мекені жақсы, кімнің қонысы жайлы? — деп сұрады.

Шәукілдек паңданып мойнын бұрды да, өзінің шіңкілдек даусымен тышқанды сөге бастады:

— Соны да сөз деп сұрап тұрмысың? Ең жақсы мекен, жайлы қоныс осы жер емес пе. Иісі қандай жақсы,— көкірегіңді ашып жібергендей. Суы қандай тәтті — жер татиды. Батпағы қандай жұмсақ — нағыз май батпақ,— деді де, жып етіп ұшып, шалшықтың екінші жағына барып қонды.

Құрбақа, тышқан, құмырысқа тағы да ілгері қарай жүре берді. Олар сәске түсте о шеті мен бұ шеті көз жеткісіз жазық далаға келіп түсті. Нағыз ми қайнатар ыстық басталды.

Қалың көдеден басқа көлеңке болар пана қалмады. Құрбақаның тамағы бүлкілдеп, таңдайы кепті.

— Дүниедегі ең бір жаман жер осы ара болар-ау, қандай ыстық еді,— деп зар иледі. Көденің түбінде бұғып отырған бозторғай мұны естіді де «шыр» етіп аспанға көтерілді.

— Дүние жүзінде менің мекенімнен жақсы, менің қонысымнан жайлы еш жер жоқ, ме-

нің мекенімнен, менің қонысымнан..,— деп әнге салып биіктей берді, биіктей берді.

Құрбақа, тышқан, құмырысқа тағы да ілгері қарай жүріп кетті.

Әлден уақытта аспанға қара бұлт түйіліп, қатты жауын жауды. Жердің миы шығып, батпаққа айналды. Тышқан бауыры суға малынып, жүні сабалақтанып, дірдектеп тоңа бастады. Ал, құмырысқа болса, мүлдем әлі құрып, жүруден қалды, Шаршап, қалжырап отырып:

— Дүниедегі ең бір жаман жер осы ара болар-ау. Жауыны қандай қатты еді,— деп қамықты.

Бұл уақытта жердің жарықшақтарынан тысқа жыбырлап шыққан жауын құрттары:

— Шіркін, жауынды жерге не жетсін. Жер бетінің, үнемі дымқыл тартып тұрғаны қандай рахат! — деп мәз-мәйрәм болып жатты.

Құрбақа, тышқан, құмырысқа бұдан әрі ілгері жүрмеді. Кейін қайтты. Арып-шаршап, іңір қараңғысында өз мекен, өз қоныстарына әрең оралды.

Тышқан жып беріп өзінің ініне еніп кетті де, түбіне қарап жатып:

— О шіркін! Дүние жүзінде менің інімнен артық жақсы мекен, жайлы қоныс бар ма екен. Өзі тар, өзі қараңғы, өзі хауіпсіз,— деді.

Құмырысқа да өз илеуіне келіп, үңгіп кірді де:

— О шіркін! Дүние жүзінде менің илеуімнен жақсы мекен, жайлы қоныс бар ма екен.

Өзі жылы, өзі тығыз, өзі жұмсақ,— деді.

Ал құрбақа да өзінің терең орына секіріп түсіп:

— О шіркін! Дүние жүзінде менің орымнан жақсы мекен, жайлы қоныс бар ма екен. Өзі салқын, өзі дымқыл, өзі көлеңке! — деді.

С. Жүнісов.

ХАТ

Өзімше бір мақтанып,
Хат жазғанмын ағам:
«Аға, қазір хат танып,
Кенелдім мен бағаға!»

Сұрақтарға кідірмей
Бере аламын жауапты.
Диктант болса, мүдірмей
Жаза аламын сауатты!..»

Ағам жауап жолдапты,
Жетіп келді үш күнде.
Оқып шығып, ол хатты
Көрсетпедім ешкімге!


БІРІНШІ «БЕСТІК»

Бүгін үлкен қуаныш —
Беске бесті қоса алдым.
Былай қалып жаман «үш»
Бірінші рет «бес» алдым!

Жайда бергім келмейтін
Күнделікті ұсындым.
Оқытушым күлмейтін
Күлді, содан қысылдым.

Қояры бір «бес» еді,
Оқытушым оңдырды!
«Екімді» де кешегі
Күнделікке қондырды!

Қадыр Мырзалиев.



Юрий Керекеш
Әңгіме

Иван екеуіміз бір күні мектептен қайтып келе жатыр едік. Алдымызда жолдың үстінде бір нәрсе қарайып көрінді. Мен тесіле қарарым да:

— Етік! — деп айқай салдым.

Екеуіміз де жүгіріп бардық. Мен қонышына жармастым да, Иван басына жармасты.

— Менің етігім! Оны алдымен көрген мен, — дедім.

— Жоқ, етік менікі! — деп Иван ашу шақырды. — Оны алдымен мен ұстадым.

— Әй, қойсаңшы, менікі! — дедім де, ызаланып, тартып қалдым!

Иван әлсіз бала еді, жығылып қалды. Артынан созылып орнынан тұрды.

— Ал, жарайды, — дедім мен Иванға, — мейлі, етікті екеуіміз тауып алдық дейік.

— Мейлі! — деп Иван келісе кетті.

— Бұл етікті не істейміз? — деп сұрадым біраздан кейін.

Жұр, сатайық та өзімізге бамбуктен жасалған қармақтың сабын сатып алайық, — деді Иван, соны айтты да қуанғаннан: — Ого-го-о! — деп айқай салды.

— Ақырын, қуанба! Бізде етіктің сыңары ғана.

— Иә, сыңар, — деп Иван жай ғана жауап берді.

— Ендеше оны кім сатып алады?

— Шынында да, солай, — деп Иван мұңайып, күрсініп қоя берді.

Етік

— Ал, сен бірден «сатайық! Бамбуктен жасалған қармақ сап!» — деп қоя бердің. Ойлануға сен өзің жоқ екенсің.

— Нені ойлауға? — деп Иван түсінбеді.

Тек біздің үйдің дәл жанына таяп келген кезде ғана ол кенет маңдайына құлаштап салып қалды.

— Не ойлап таптың? — деп сұрадым.

— Таптым, керемет!...

— Айтсаңшы, о не! — дедім шыдай алмай.

— Погар селосының шетінде, бір аяғынан айырылған Отан соғысының мүгедегі тұрады. Өзі етікші, мүмкін, сатып алар, соған апарайық.

— Иә-иә, ол әлгі өткен жылы клубта соғыс жайында әңгіме айтқан кісі ғой, — дедім мен есіме алып.

— Сол, сол! — деп Иван қуана құптады.

Шамасы бір сағаттан кейін біз Погардың шетіне келіп, мүгедектің үйін іздей бастадық. Бірақ, оның үйіне кірмей тұрып, мен Иванға:

— Жарымжан адамға біздің етік сатқанымыз, бір түрлі ыңғайсыз ғой. Әлде соған сыйлап беріп кетсек қайтеді... — дедім.

— Ә, қалайша... Бамбук қармақ сабын қалай аламыз?

— Бамбук қармақ сабы деген не сол! Түк те емес! Ал ол болса, соғысқа қатысты, соғысты... Сен есінде ме фашистерді ол біздің селодан қалай қуып шықты, өзі айтып еді ғой...

— Не десең, о де, бірақ, мен етікті тегін бермеймін, — деп Иван дүрсе қоя берді.

— Егерде, фашистерді қумағанда, бізде

мектеп те, жейтін нан да болмас еді ғой, маған әкем осылай деген.

Сол бетпен үйге кірдік, сәлемдестік. Терезенің алдындағы бір бұрышта дөңгелек бетті, нығыз денелі еркек ботинка жамап отыр екен. Былғарының қиықтары жерде жайрап жатыр.

— Ал, не жаңалық бар, балақайлар? — деді үй иесі бізге жылұшырай.

— Біздің келгеніміз... — деді Иван күмілжіп, соның артынша, — Мынау етік! — деп тоқ етерін бір-ақ айтты.

Үй иесі етікті айналдыра қарап тұрды да:

— Иә, сендер мұны қайдан алдыңдар, балақайлар? — деп сұрады.

— Жолдан тауып алдық, — дедім мен.

— Сірә, — деді үй иесі, — орталық магазиннен біздің дүкенге заттар әкелген болар, сонда осы етікті түсіріп алған шығар. Бұны сонда апарып беріңдер.

Біз үндемей бір-бірімізге қарадық та, шығып кеттік.

— Әх!.. Сәті болмады, — деп күрсінді Иван.

— Етік кімдікі екенін естіген шығарсың? Дүкенге қазір апарып берейік.

— Қалай, тегін береміз бе?

— Енді қалай? Әрбір адал адам өзінің тауып алған нәрсесін иесіне қайтып беруге тиіс.

— Ал, ендеше сен өз үлесіңді апарып бере ғой, мен өзімдікін базарға апарып сатамын, — деді Иван.

— Оны қалай етеміз?... Сонда, етікті қақ бөліп кесеміз бе?

— Кесуге де болады, — деді Иван жайымен. — Біз етікті тапқан кезде, сен қонышына жармасып ең ғой, сонысын ал өзің. Ал маған басы қалады.

— Сен өзің жынданғансың ба?

Бірақ, Иван көне қоймады. Бәрінен қиыны сол етік Иванның қолында жүр еді. Ол оны кеудесіне қапсыра қысып ұстап алған.

Мен етікті Иваннан қалай тартып алып, бір игілікті іс істеудің қаразын ойлап келемін.

— Сен білесің бе, Иванко? — дедім ақыры. — Сенің алатын жарты етігіңнің ақысына мен екі түсті бояу қарындаш берейін! Оның бір жағы көк те, екінші жағы қызыл.

— Қарындаш? Һмм! — деді Иван жақтырмай. — Оның бағасы қырық-ақ тиын, ал жарты етік қанша тұрады, білесің бе өзің?

Иван көнетін болмады.

Ал, менің етікті дүкенге апарып берем деген ойым барған сайын өрши түсті. Тіпті болмаған соң, мен ішім удай ашыса да, оған өзімнің ең қымбат деген нәрсемді бермекші болдым.

— Саған сағат берейін.

— Сағат?! — деп Иванның дөп-дөңгелек көздері жайнап кетті. — Қандай сағат?

— Кәдімгі сағат — қоңырау сағат!

— Мінекей, сағат маған керек. Әйтпесе, мамам: «Тұр, Иванко, сабақтан қаласың!» — деп ылғи мені таңнан тұрып оятып жүргені. Егер сағат болса, оны бұрап қойып, тып-тыныш ұйықтауға болар еді. — Иван ойланып тұрды да, сенбеген кісідей маған қарап: — Сағатың түзу ме? — деп сұрады.

— Былайынша түзу... Ішінде тетігінің бәрі бар: дөңгелектері де, серіппелері де түгел, жалғыз-ақ, неге екені белгісіз, жүрмейді, тоқтап тұр...



— Ол түк емес! Мен оны жөндеп аламын.
— Ал, қайтесің, келістің бе? — деп сұрадым.

— Келістім! — деп жауап берді Иван.

Біз жүгіріп дүкенге бардық.

Менің жолшыбай ептіккенім соншалық, тіпті сөйлеуге мұршам келмеді.

— Біз етік тауып алып ек, — дедім мен табалдырықтан аттай бере. — Мүмкін... сіздікі шығар?

— Біздікі! — деп дүкенші қуанғаннан, дауыстап жіберді.

— Өй, беттеріңнен жарылқасын, балақайлар! Рахмет, көп рахмет! Ал, біздің іздемеген жеріміз қалмады... Жарайсыңдар!

Дүкенші бір үлкен қағазды шиыршықтап алды да, конфет жәшігінің қасына келіп, қалақпен көсіп салды...

— Мынау сендерге, балалар, етікті әкеп бергендерің үшін!

Иван дүкеннің дәл алдында тұр еді, дүкенші конфетті соның қолына ұстатты.

Біз жалма-жан тысқа шықтық.

Далаға шыққан соң Иван, әлдене ойлағандай, біраз уақыт конфетті үн-түнсіз қолына ұстап тұрды, сонан соң барып:

— Мә, бұл сенікі! — деді.

Мен қағаз қалтаны алдым да, ішінен бір конфетті іріктеп аузыма салдым. Керемет тәтті конфет екен. Мен, өмірімде мұндай конфет жеп көрмеген шығармын деп ойладым!

— О-oh! Конфет емес, бал десе болар! — дедім мен құшырлана шайнап.

Иван бұртиып үндемеді.

— Мә, ал! — деп мен оған қағаз қалтаны ұсындым.

— Алмаймын! Бұл сенің жарты етігің үшін. Өзің же!

Сөйтсе де, мен оның сілекейін ішіне жұтып тұрғанын байқадым.

— Тым болмаса, алып дәмін татсайшы! Біреуін болса да ал...

— Ал, ендеше, тіпті қоймадың ғой, біреуін алайын.

Иван бөгелмей, конфетті аузына қағып салып, сора бастады...

— Рас, тәуір екен, — деді ол.

— Мә, тағы біреуін ал!

Иван оны да алды, сонан соң тағы біреуін және біреуін...

Біз дүкеннің есігі алдында отырып, конфет жеумен болдық. Бәрін жеп тауысқан соң, бос қағазды уқалап лақтырып тастадым.

— Ал, кәне енді үйге барайық, — дедім де, мен түрегеліп, жүруге айналдым. — Сен сағаттыңды барып ал.

Иван да түрегелді, бірақ тұрған орнынан қозғалмады, қос қабағының арасы жиырылып, бір нәрсе ойлап тұрған сияқты. Сонан соң менің қасыма келді де, биязы үнмен:

— Білесің бе, Петро? Маған сағатты бермей-ақ қой. Керегі жоқ...

Мен Иванның иығына қолымды салдым, ол өзі кішкентай, шашы аппақ бала еді, менің бөлімнен құшақтай алды.

Ымырт жабылды.

Біз үн-түнсіз жүріп келеміз, бірақ, ойымыздан бір нәрсе кетер емес: ол, — егерде, үйге барған соң: «Ал, сен осы уақытқа шейін қайда жоғалып кеттің?» — деп сұраса, не деп жауап береміз, — деген ой еді.

Аударған Р. ЫДЫРЫСОВ.

МАИ ЖЫРЫ

Арайланған,
алауланған таң атты
Жан да бүгін,

ән де бүгін қанатты.
Жұлдызының сөнбес нұрын Кремль
Жер шарының аспанына таратты.

Бүгін — көктің шұғылалы күні ыстық,
Бүгін — жерде күннен ыстық туыстық,
Бүгін — көкте қалықтайды көгершін,
Бүгін — туы әр жүректің — тыныштық.

Әр жүрекке жыр құяды май гүлі,
Әр кеудеге нұр құяды май күні.
Желмен ойнап желбірәйді Қызыл ту
Халқымыздың қуатындай айбынды!

Бүгін майдың күні қандай шуақты,
Еліміздің дос көңілі сияқты.

Мерекемен Ұлы Қытай халқының
Құттықтаймыз қолын қысып қуатты!

Достарымыз құшақ жайған қаншама,
Қолымызды алып жатыр Варшава...
Достық сәлем, бүкіл әлем халқына
Жері шалғай болсадағы соншама.

Күн серігі көкте қағып қанатын,
Жол аштық біз болашаққа баратын.
Байтақ тыңда дариясымен егіннің
Жазады елім жеңістердің жаңа атын.

Бүгін — көктің арайлы алтын күні ыстық,
Бүгін — жерде күннен ыстық туыстық,
Бүгін — көкте қалықтайды көгершін,
Бүгін туы әр жүректің — тыныштық!

Қосжан МҮСІРЕПОВ.

АРДАГЕР АМАНКЕЛДІ

(Қаза болғанына 40 жыл.)

1886 жыл. Бұл Торғай дала-сында құрғақшылық жайлаған жыл еді. Шаруасы шағын, балашағасы көп үйге құрғақшылық өте ауыр тиді. Әрі анасы Қалампырға жаны ашып, әрі еңбек етіп, мал тапқысы келген 14 жасар Аманкелді Таутабай байға жалданып, жұмыс істеді. Аманкелді қыста қар аршып, тебінге қой жайып, жазда жылқы күзетті, шөп шапты. Келіскен кесімді уақыты біткен соң, Аманкелді байдан рұхсат сұрап, үйіне кеткісі келді. Бай оны келемеждеп: «Үйіне барғанда, қарық болам деймісің»,— деп рұхсат бермейді. Бұл сөзіне ыза болған Аманкелді байдың жылқысынан бір құнан ұстап мініп, ауылына тартып отырады. Бай оның соңына түседі. Би, болыстар байды жақтайды. Бала жігіт Аманкелді бай, би, болыстардың бір мақсатта екенін аңғара бастауы осыдан басталады.

Осы секілді жайлардан кейін Аманкелді кедейлерге жасалған әділетсіздіктерге қарсы қайрат көрсетіп, күш жұмсап жүреді.

Бектас бай Терісбұтақ деген жердегі кедейлер шабындығын басып-көктеп шаптырып тастайды. Бұл зорлыққа шыдамаған Аманкелді жатақтарды ұйымдастырып, бар шабылған шөпті үйлеріне тасыттырып алады. Байдың жігіттерін шабындықтан қуып жібереді.

Осындай қажырлы қарсылықтарды бастайтын Аманкелдіден құтылуды ойлаған байлар, оны қуғынға салады. Ел ішінде байларға қарсы болған наразылықтардың бәрін соның ісі деп, өтірік болса да, Аманкелдіге жабады. Бірақ, Аманкелді дұшпандарға баспайды. Қайта күн асқан сайын арамтамақ байларға деген өшпенділігі арта түседі. Кедей жатақтардың жоғын жоқтап, кеткен есесін қайтаруға күш салып отыратын батыл да қайтпас Аманкелдіні жатақтар өздеріне сүйеніш санап, оны құрметтейтін болады.

Аманкелдінің соңына түскен бай, би, болыстар оны бірнеше рет түрмеге де жапқызады. Бірақ, халық өзінің сүйген ұлын қорғап, оны түрмеден босатып алып отырады.

...Дүние жүзін бөліп алғысы келген ірі капиталистік мемлекеттер дайындаған соғыс басталып

кетті. 1914 жылы басталған бұл соғыс халық байлығын жұтып жатты. Соғыс шығыны кедей шаруалар мен жұмысшылардың мойнына түсті. Бұл соғыста қазақтың 19 бен 43 жас арасындағыларын қара жұмысқа алу туралы 25 июньде патша өкіметінің жарлығы шықты.

Солдатқа баратындар тізімін болыстар жасайтын болғандықтан, байлар пара беріп, балаларының орнына кедей жатақтарды жазғызып жіберіп отырды. Халық бұған наразы болды. Міне, осындай жағ-



дайда патша өкіметіне, оның сыбайласы болыс пен байларға қарсы ұлт-азаттық көтерілістің туып ұстап, бастап шыққандардың бірі Аманкелді мен Әліби Жанкелдин еді. Олар халықты бірлесіп күш қосуға, табан тіреп күрес жүргізуге шақырып, отряд жинайды. Аманкелді серіктері 1916 жылдың июнь-август айларында-ақ болыстар қолындағы тізімдерін тартып алып, олардың қалаға қатысуына тиым салды. Аманкелді отрядына көтерілісші топтар жан-жақтан ағылып келіп, қосылып жатты.

...Совет әскері Ақтөбені қалдырып, Шалқар төңірегіне келіп орналасып, күш жиып жатқан еді. Аманкелді соларға күш қосып, жауды талқандап, жеңіс күнін жақындатуды ойлады. Күш, көлік жинады. Қызыл әскерге көмекке

отряд жіберуді ұйғарды. Совет өкіметінің қас дұшпаны, екі жүзді Дулатов секілділер отряд арасына іріткі салуды ойластырды. Аманкелді оның зымияндық әрекетін көптің алдында әшкереледі. Сонымен, жорыққа аттануға отрядқа бұйрық берді.

Осы кезде Қызылжыңғыл және Кайдауыл деген болыстарда бай-феодалдар бүлік шығарады. Аманкелді сол бүлікті басуға ең сенімді командирімен бір топ отряд жібереді де, қалған отрядты екі күнге демалуға қалдырады. Осыны пайдаланып, жасырын жүрген Дулатов, Алмасов сияқты халық жаулары 1919 жылы 19 апрельде күтпеген жерден Аманкелдіні бірнеше әскермен тұтқынға алып, түрмеге жабады.

Аманкелдіге көмектесу үшін Қостанай жақтан келген Қ. Қойдосов пен Х. Токин отряды 18 майда қалаға шабуыл жасап, патша өкіметін жақтаушы отрядты қаладан қуып шығады. Қанішерлер қаладан түнделетіп қашып бара жатып, большевиктік партияның адал ұлы, халқымыздың сүйікті жауынгер батыры Аманкелді Имановты, оның революционер досы Л. Таранды және тұтқындағы бірнеше совет қызметкерлерін атып кетеді.

Аманкелді большевиктік партияның ұлы ісі жеңіп шығатынына толық сенді. Сондықтан да, ол өзінің ақырғы сөзінде: «Мен большевикпін. Өлім маған қорқынышты емес. Мен жеке адамдарға қарсы күрескенім жоқ, байлардың үстемдігіне, еңбекшілер бұқарасын езіп қанаушыларға қарсы күрестім. Совет өкіметі жеңеді. Қазақ халқының адал ұлдары менің кегімді алатындығына күмәнім жоқ. Большевиктік партия, Совет өкіметі сен жауыздарды аяусыз жазаға тартатынына мен толық сенемін» — деген.

Аманкелдінің сенімі ақталды. Халқының бостандығы жолында, жан аямай күрес жүргізіп, жау қолынан қаза тапқан ардагер батырды совет халқы мәңгі есте сақтайды.

Шанышқы



ҮЙІРМЕДЕН ҮЙІРМЕ

Үйірмеміз көп біздің,
Көбін қолдан өткіздің.
Бара-бара сен оның
Санын онға жеткіздің.

Бір күн болдың аспазшы,
Болдың бірде бақташы,
Бірде болдың моделші,
Ұнамады басқасы.

Сөйтіп жүріп спорттың
«Сортын» қудың үш-төрт күн.
Ұста болып саусақты
Тістеуікке тістеттің.

Оны тастап сен кеттің,
Биші болдың ең көп күн.
Таба алмадың, сонымен,
Жеңіл жолын еңбектің.

Жүрсің әлі секеңдеп,
— Арманым жетем, — деп, —
Жалқауларға үйірме
Ашылмайды екен, — деп.



БӨСЕРБАЙ

Бөсербай бүгін бөсті көп,
«Бидай тауда өсті, — деп —
Жануардың күштісі,
Жарғақ құлақ ешкі» — деп.
— Көген не? — деп айтып ем,
— Жоқ, — деді, — ондай атымен.
— Мінеді, — деп бөсіп тұр.
Түйе үстіне сатымен.

Әнуәрбек Дүйсенбиев.

ҰЛТ ОЙЫНЫ

ӘЙГӨЛЕК

Бұл ойын, әрине, пионерлер жасындағыларға сондай келісімді. Мұнда ер бала, әйел бала болып бөлінбейді, мектеп жанында болса класқа қарай, пионер тобында болса, огряд тобына қарай бөлініп ойнайды. Балалар екі жар болып екі топқа бөлінеді. Әрине сандары да, жас шамалары да бірдей құрбылас болулары керек. Екі топтың өздерінше бастаушы жетекшісі болады. Аралары он—он бес метрдей жерде балалар, бірінің қолынан бірі ұстап, жазылып қатарласа екі топ біріне-бірі қарсы тұрады. Бастау-



шы және ірілеу балалар орта жерінде болады. Әлсіз кішірек баланы шетке тұрғызады. Өйткені талас, шеп бұзу, көбінесе, орта жерден басталады. Екі жақтың ойын басшы балалары, орталарынан бір баланы шығарып екі қолына бір ақ, бір қара тас береді. Ол бала екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып, екі ойынбасыдан:

— Сен қай қолдағы тасты аласың? — деп сұрайды. Баланың біреуі таңдайды, «мен оң қол, яки сол

қолдағы тасты аламын» — дейді. Екінші бала екінші қолды алады. Ақ тас қай қолда болса, сол қолды ашқан бала ойынды бастайды. Бастағанда:

Әйгөлек-ау, әйгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Қанжығадан қан керек,
Тебінгіден тер керек,
Шепті бұзар ер керек.

Екінші топтан:

Әйгөлек-ау, әйгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Қанжығадан қан керек,
Тебінгіден тер керек.
Сіздерге онда кім керек?

Алдыңғы топтан:

Әйгөлек-ау, әйгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Қанжығадан қан керек,
Тебінгіден тер керек.
Бізге Жапал деген бала керек,—

деп, бір баланың атын атап шақырады.


Ол бала өз тобынан шығып, бір-екі адымдай жерде тұрып:

Әйгөлек-ау, әйгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Қанжығадан қан керек,
Тебінгіден тер шыққан,
Топ жаруға мен шыққан,—

деп тұра жүгіріп келе, қарсы топты кие жарып өтпекші болады. Бала екпінді, күшті болса, жарып өтіп, өзі қалап келіп қолын жазған бір баланы жетекпен, өз тобына алып келеді. Егер әлсіз болып, үзіп өте алмаса, өзі ұсталып сол топта қалып қояды. Ендігі шақыруды екінші топ бастайды. Сөйтіп, ойын созыла береді. Мұнда жүгіруге, екпінділікке, жүректілікке, өлең айтқыштыққа баулынып, балалар дене шынықтырып, көтеріліп қалады.

АҒАШ АЯҚ

Ағаш аяқ ойынына көп кісі қатынаса алмайды, бірақ кезек-кезек жүріп, әркім өз өнерін көрсетуге болады. Бұл ойын әдет етіп жүріп үйренуге байланысты. Екі ағаштың жанынан аяқ басып тұрарлық тиянақ ағаш қағылып, ойнаушының аяғына ағашты жабыстыра байлап, кейде байламай да, жоғарғы жағынан ұстайтын етіп те қояды. Ағаш аяққа шыққан адам, сонымен жүріп, қолына домбыра алып, ән шырқайды. Ерте кезде Кемпірбай ақын осы ағаш аяқпен «Қара жорға күйі», «Жорға аю» күйлеріне биледі деп айтады. Бұл ойынның да спорттық мәні бар, өлеңші, әншілікке жаттықтырады.





Құтты болсын мерекең!

Жас пионер, сен өзіңнің оқушылық календарыңа тағы да бір көз салшы.

19 май — В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының туған күні екенін ұмытқан жоқсың ба?

Әрине, ұмытқан жоқсың. Өйткені, бұл күн сенің үлкен мерекелі күнің.

1922 жылы, осы 19 май күні комсомолдың Бүкіл Россиялық конференциясы елімізде пионер ұйымдарын құру туралы қаулы қабылдады. Ең бірінші пионер отряды

1922 жылы Москва қаласының Краснопреснен ауданында 16-шы типографияның жанында құрылды. Сол күннен бастап 19 май — пионер ұйымының туған күні болып есептеледі.

Ал, сенің пионер ұйымыңа ұлы Ленин есімі қашан берілді?

Мұны да сен білуге тиіссің. 1924 жылы, комсомолдың Орталық Комитетінің Пленумы пионер ұйымына Владимир Ильич Ленин есімін беру туралы қаулы алды. Соның құрметіне 1924 жылы 23 майда Қызыл алаңда жас ұландардың парады болды. Бүкіл еліміздің барлық пионерлері атынан Москва пионерлері Коммунистік партияның ісіне, ұлы Лениннің ісіне адал болу үшін салтанатты ант берді.

Лениншіл жас ұландар өз антын бұлжытпай адал орындап келеді.

«Пионер жаңа істің құрылысшысы» деді Надежда Константиновна Крупская. Шынында да, пионер еліміздегі барлық жаңа істерге, ұлы құрылыстарға белсене қатынасты. Елімізді коллективтендіру кезінде пионер ұйымы өзінің ішінен Павлик Морозовын, Отан соғысы жылдарында Леня Голиков, Саша Чекалин, Ваня Андрианов, Володя Дубинин, Валентин Котик сияқты батыр ұландарын шығарды. Олардың есімі қазір барлық пионерлердің жүрегінде мәңгі сақталады.

Пионер ұйымының құрылғанына қазір 37 жыл. Осы мерзімнің ішінде миллиондаған жас ұландар еңбек озаттары, инженерлер, маман құрылысшылар, оқымыстылар,



конструкторлар, ұшқыштар болып шықты.

Даңқты пионерлердің ісі саған үлгі, жас ұлан! Сенің болашағыңнан зор жеміс күтуге болады. Сен — Коммунизмнің құрылысшысы бола-сың.

Еліміздің жаңа жетіжылдық (1959—1965) жоспарын орындауға сен де ат салысуға тиіссің. Сенің батыл да

іскер құрылысшы болып шығуыңа Коммунистік партия мен Совет үкіметі зор қамқорлық жасауда. «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және СССР-де халыққа білім беру жүйесін бұдан былай да өркендету туралы» Заңнан осы қамқорлықты айқын көресің.

Қазір, еліміздің барлық еңбекшілерімен бірге, мектеп оқушылары да, пионерлер де жетіжылдық жоспарды бес жылда орындап шығу үшін ерлікпен күресуде. Оқушылар да өз іштерінен коммунистік еңбек бригадаларын құрып, мектеп участоктерінде, шеберханаларында пайдалы еңбек етіп жүр. Олар пионерлік дәстүрді ешуақытта естен шығармақ емес. Мектеп алаңын, селоның көшелерін көркейту, гүлге бөлеу, төл күту, құс өсіру, қоян өсіру, жүгері күту, тағы тағысы пионерлер мен оқушылардың қазіргі игілікті істері.

Міне, дәл осындай үлгілі істер Батыс Қазақстан облысының 500 қой совхозының орта мектебінде, Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы «Үңгіртас» орта мектебінде бар деп ашық айтуға болады.

Жас ұлан! Сен өз мерекең — пионер ұйымының туған күнін оқуда да, еңбекте де лайықты табыстармен қарсы алып отырсың.

Мерекең құтты болсын!

Коммунистік партияның ұлы істері үшін, ерқашан да дайын бол!



КЕПТЕР МЕН ҚАРҒА

Кептер ыстық күнде, қайыңның саялы көк жапырағының арасында рахаттанып дем алып отыр еді. Бір кезде ентігіп, аузын ашып, жалпылдап келіп, ең жоғары бұтаққа қарға келіп қонды. Кеудесін келіп, қанатын қомдап алды. Мойнын бір жоғары, бір төмен созып, еңешін кең ашып «қарқ» дегенде кептер селк етіп, екінші бұтаққа барып қонды. Қарға үсті-үстіне қарқылдай берді.


Кептердің құлағы бітіп, басы зеңіп, мазасы кетті. Үндемей, біраз шыдап отырып еді, қарға қарқылдауын тоқтатпады. Бақырауық көршімен қоныстас болғанына қатты ренжіді.

Қарғаның құлағын тұндырған қарқылынан мазасы кеткен кептер бір кезде:

— Қарға аға! Таң атқалы балапандарыма жем тасып, әбден шаршадым. Сондықтан, мына қайыңның саясында дем алғалы отыр едім. Мүмкін болса, біраз құлағыма маза берсеңіз қайтер еді,— деді.

Қарға қабағы түсіп, тұмсығы салбырап, кептер көршісіне кілмие қарап, біршама отырды да:

— Ей, бейшара! Мен сені осындай шаршап отырғанда көңілдендірейін деп сайрап отырғанымды білсең етті. Осы сендердің іштерің қайтып пыспайды. Үйде де, далада да тымыраясың да жүресіңдер. Көңілді құс деп бізді айт. Айқайлап ән



салып, қарқылдап күліп, үрім-бұтағымызбен шулаймыз да жатамыз. Міне, құстар көңілді өмір сүруді бізден үйренсін,— деп, барып өзер тынды.

Кептер қарғаға:

— Ей, қарға аға! — деді, — улап-шулап жатқанның несі мақтан. Орынсыз сөйлеп, бақыра бергенің кімге үлгі. Сені кім сыйлайды. Жұрттың бәріне жексұрын боп біттің. Ал, біз болсақ адам керегіне жараймыз. Бізді тыныштық белгісі деп санап, құрметпен қарайды.

Қарға тұмсығы салбырап, үндей алмай қалды.


Б. Тұрсынбаев.

Сен білесің бе?

Қапқа сүт құйып, оны қашық жерлерге алып баруға бола ма? Болады екен. Мына суретке қараңдаршы. Бұл — сүт құюға арнап шығарылған қап. Ішіне 18 тонна сүт сияды. Мұны Американың «Юнайтед Стейте Робер» дейтін фирмасы ойлап шығарған. Сүт құйылған мұндай қаптарды арнаулы машиналар тасиды. Сүт құятын басқа ыдыстарға қарағанда бұл өте аз орын алады. Әрі пайдалы. Сүттен босаған машина бос қайтпау үшін оған басқа жүк тиеледі.



Геликоптердің (вертолет) тек құрғақ жерге қонатын түрі бәріңе белгілі. Геликоптерді су үстіне қондыру мәселесі осы уақытқа шейін шешілмей келді. Жақында Американың инженерлері суға қонатын ге-



ликоптер ойлап шығарды. Бұның құрылысы да құрғақта жүретін геликоптер тәрізді. Тек, оның аяғына төрт дөңгелек орнатылған. Әр дөңгелектің жоғарғы жағында мықты резинкадан жасалған қаптары бар. Кабина ішіне орнатылған кнопканы басып қалғанда, резинка қаптардың іші ауаға тола қалады. Бұған екі-ақ минут уақыт кетеді. Міне, осыдан кейін геликоптерді суға қондыруға болады. Ауаға толған резинка қаптар оны суға батырмайды.

Ұлуды 120 градус суыққа қатырып, соның соңынан іле-шала қыздырса, бұрынғы қалпына түсіп, ол көк шөп жей бастайды.

ЖАҢА КІТАПТАР



Балалар, Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы ақын Аманжол Шамкеновтың «Сағат» атты өлеңдер жинағын жарыққа шығарды. Ондағы өлеңдердің бәрі де сендердің өмірлеріңнен жазылған. Міне, «Сағат» деген өлеңі. Кішкене Ерланға мамасы «Сағат үште киноға алып барам» дейді. Бұған ол қатты қуанады. Жүрегі алып ұшып, далаға бір кіріп, бір шығады. Бірақ, уақыт өтпейді. Осы кез Ерланға бір ой келеді. Ол жалма-жан сағатты алып, тілін алға жылжытады... «Тілге жеңіл, жүрекке жылы» бұл өлеңді оқысаң, жас балдырғанның қызық қылығы

езу тарттырмай қоймайды.

Бұл кітапта «Майдан» атты поэма бар. Мұнда Ұлы Отан соғысы кезіндегі пионерлердің ерліктері жырланады. Саша деген бала жау тұтқынына түсіп, зәбір шексе де, балғын денесіне жендеттер қызған темір басса да партизан отрядының қайда екенін айтпай, табандылық, ерлік көрсетеді. Тұтқында тұрған жас ұлан:

...Күйретер ем күлге бөлеп,
Көкке ұшырып штабыңды.
Мұратыңа жетсең төбет,
Кел, менің де іш қанымды.

— деп өрен қайрат, өшпес кек танытады. Сашаны Яша деген досы тұтқыннан құтқарады. Бірақ ол өзі осы жолда оққа ұшады. Дос өмірі үшін, өз өмірін қияды...

Жинақта жаттап айтып жүретін тақпақ, сықақ өлеңдер де көп. «Сондай бала бола ма» деген өлеңінде:

Беті қандай кір еді,
Айниды адам жүрегі.
Керсе осы бір кескінді
Күледі-ау, жұрт күледі.
Сондай бала бола ма,
Сендер оған жолама.

— деп сықақтайды кір қожалақ баланы. «Көбелек», «Қайда болдың», «Сол мінезі дұрыс па» деген өлеңдері де қызық, күлдіргі.

Өздерің туралы жазылған бұл кітапты алып, оқып шығыңдар!



ТИМУРШЫЛАР

Өткен жылы «Қадам» жетіжылдық мектебінде тимуршылар отряды құрылды.

Олар мектепке металл сынықтарын жинады, мектеп маңына ағаш отырғызып, гүлдендіруге қатысты. Отряд сабақтан бос уақыттарда пенсионер-мұғалім Жүсіп Қамраевтың үйіне барып, бақшасының арықтарын қазып, үй маңын тазалап берді.

Жақында «Байсейіт» селосында 3 км. қашықтықтан труба арқылы су әкелуге траншея қазысты. Олар тереңдігі 1 метр 8 см., ұзындығы 45 метр траншея қазып бітірді. Отряд қазір жұмысын тоқтатқан жоқ.

Ә. Тайыров.

Шелек ауданы, Алматы облысы.

ЕКІ ДОС



Жақында біздің қалада жаңадан аудандық бір магазин ашылған. Магазинге көптеген түрлі-түрлі заттар келіп түсіп жатты. Бір күні магазиннің топсасы шығарылып, ішінен көптеген бұйымдар ұрланғанын естідік. Есептей келгенде, 17 мың сомның заттары ұрланғаны анықталды. Ұрылар да, зат та табылмады. Үш күн өтті. Еш хабар жоқ.

Бір күні Жетпісбай мен Әскербай далада ойнап жүріп, қар астына көмілген матаның шетін көріп қалады. Олар аудандық милиция бөліміне хабарлап, әлгі жерге бірнеше адамды ертіп келді. Келген адамдар магазиннен ұрланған затты сол жерден тапты. Ол заттар магазинге тапсырылды.

Екі достың адал және қырағылығы үшін аудандық милиция бөлімі атынан алғыс жарияланды. Таяуда оларға сыйлық берілетін болды.


Орынбасар Бекмағамбетов.

Шевченко қаласы.



КРОССВОРД

Қазақстан



Көлдeнeнiнeн:

Тiгiнeн:

4 Облыс орталығы. 7. Қазақстандағы ГЭС. 9. Өндiрiстi қала. 11 Ертiс өзенiндегi қала. 12. Жамбыл туып-өскен жер. 15 Көмiрлi қала. 18. Ipi астықты облыс. 20. Қант және суперфосфат заводтары орналасқан қала. 21 Арқадағы сұлу жер. 23. Курорт.

1. Жас қала. 2. Көл. 3. Теңiз. 5. Жер аты. 6. Облыс орталығы. 8. Тындағы қала. 10. Кендi қалашық. 12. Өзен. 13. Қазақстанның ең iрi өзенi. 14. Тау. 16. Мақталы облыс орталығы. 17. Қорғасынды қала. 19. Балық шаруашылықты қала. 22. Қазақстанның басты қаласы.

Құрастырған Е. Өтетiлеуов.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1-санындағы кроссвордтың жауабы.

Тiгiнeн:


1. Сасэбо. 2. Лысенко. 3. Сене-

гал. 4. Индия. 6. Дауыл. 7. Орынбор. 9. Стамбул. 10. Сарарқа. 11. Курск. 13. Ампер. 14. Уфа. 15. Нар. 20. Конус. 21. Квадрат. 22. Атакама. 23. Алпыс. 25. Петров.

ИКС

Мына суретте көрсетiлген ИКС формалы фигураны тек екі түзу сызық жүргiзiп, 10 бөлiкке бөлiңдер.

Ж. Тұңғышбаев.
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы,
казак орта мектебi.



Көлдeнeнiнeн:

2. Лосос. 5. Сабын. 8. Касса. 11. Корея. 12. Луара. 16. Тирана. 17. Формула. 18. Қалпақ. 19. Киоск. 23. Арқар. 24. Вольт. 2. Риета. 27. Тырна.

Дұрыс жауабын бiрiншi жiбергендер:

Қ. Сүтеев. (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы), Б. Көшiмов (Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, «Қарауылкелдi» орта мектебi).

Мұқабаның бiрiншi бетiндегi Н. Лебедевтiн «Май» деген суретi.


Редколлегия мүшелерi: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитетi жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 13/IV-1959 г. УГ02299. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 43.900. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 565.



Балалар



Оз журналдарын
„ПИОНЕРГЕ“

*жылдың екінші экваторына
жаңыларды ұмытпаңдар!*

Балалар, жазда мына істерге үйреніңдер!




Бақта



Құрылыста



Жайлауда.



Мал фермасында